

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының 77) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ғ. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы 24 ақпандағы
№ 31 бұйрығына
қосымша

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттардың қолданылу саласы: Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары (бұдан әрі – Педагог стандарттары) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының 77) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Кәсіби біліктіліктер туралы" Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және бірыңғай талаптарды белгілейді:

- 1) кәсіби педагогикалық қызметтің мазмұны мен сапасына;
- 2) педагогтердің біліктілік деңгейін бағалауға, аттестаттау жүргізуге;
- 3) лауазымдық нұсқаулықтарды қалыптастыруға;
- 4) сертификаттау және біліктілікті растауға.

Педагог стандарттарын даярлаудың, біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларының негіздерін және үздіксіз кәсіптік оқыту мүмкіндіктерін, қызметтің басқа салаларындағы мамандарды қайта даярлаудағы басымдықтарды айқындайды, педагогті оқыту/тәрбиелеу және оқыту практикасын, кәсіптік міндеттемені, қоғамдық сенім мен құрметті қолдауға, кәсіби қоғамдастықта оқытуда және тәрбиелеуде педагогтің көшбасшылығын дамытуға ықпал етеді.

2. Осы Педагог стандарттарында мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) қауіпсіз білім беру ортасы – оқу, білім алу және тұлғаны дамыту үшін барлық оң мүмкіндіктердің жиынтығын білдіретін білім беру ұйымының ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы;

2) оқыту және тәрбиелеу\оқыту практикасы – білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқу процесін ұйымдастыруда, білім беру мазмұнын игеруде және тұлғаның керекті қасиеттерін қалыптастырудағы жоспарлы түрде жүйелі қолдау көрсетуге бағытталған оқыту мен тәрбие мақсаттарын іске асырудағы педагогтің қызметі;

3) проактивтілік – басымдықтарды белгілеуге және импульсивті реакцияларға берілмеуге көмектесетін дағды.

3. Осы Педагог стандарттарында мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) БА – басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

3) БСШ – біліктіліктің салалық шеңбері;

4) ЭҚЖК – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторы;

5) КС – кәсіби стандарт;

6) АСБ – аутизм спектрінің бұзылуы;

7) ПДК – психикалық дамудың кешігуі;

8) РОӘК – Республикалық оқу-әдістемелік кеңес;

9) ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары.

5. Кәсіптік стандарттың коды: P85100004

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

Р Білім беру

85 Білім беру

85.1 Мектепке дейінгі білім беру

85.10 Мектепке дейінгі білім беру

85.10.0 Мектепке дейінгі білім беру

Р Білім беру

85 Білім беру

85.2 Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)

85.20 Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)

85.20.0 Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)

Р Білім беру

85 Білім беру

85.3 Орта білім беру (2-ші және 3-ші деңгейлер)

85.31 Негізгі және жалпы орта білім беру

85.31.0 Негізгі және жалпы орта білім беру

Р Білім беру

85 Білім беру

85.3 Орта білім беру (2-ші және 3-ші деңгейлер)

85.32 Техникалық және кәсіптік орта білім

85.32.1 Кәсіптік-техникалық орта білім

Р Білім беру

85 Білім беру

85.3 Орта білім беру (2-ші және 3-ші деңгейлер)

85.32 Техникалық және кәсіптік орта білім

85.32.2 Орта кәсіптік білім

Р Білім беру

85 Білім беру

85.4 Жоғары білім беру (5-ші, 6-ші, 7-ші, 8-ші деңгейлер)

85.41 Орта білімнен кейінгі білім беру

85.41.0 Орта білімнен кейінгі білім беру

Р Білім беру

85 Білім беру

85.5 Білім берудің өзге де түрлері

85.51 Спорт және демалыс саласындағы білім беру

85.51.0 Спорт және демалыс саласындағы білім беру

Р Білім беру

85 Білім беру

85.5 Білім берудің өзге де түрлері

85.52 Мәдениет саласындағы білім беру

85.52.0 Мәдениет саласындағы білім беру

Р Білім беру

85 Білім беру

85.5 Білім берудің өзге де түрлері

85.59 Басқа топтамаларға енгізілмеген білім берудің өзге де түрлері

85.59.1 Кешкі жалпы білім беретін мектептердің қызметі

Р Білім беру

85 Білім беру

85.5 Білім берудің өзге де түрлері

85.59 Басқа топтамаларға енгізілмеген білім берудің өзге де түрлері

85.59.2 Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары беретін білім беру түрлері

Р Білім беру

85 Білім беру

85.6 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет

85.60 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет

85.60.1 Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары ұсынатын білім беру саласындағы қосалқы қызмет

Р Білім беру

85 Білім беру

85.6 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет

85.60 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет

85.60.9 Білім беру саласындағы өзге де қосалқы қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары келесі міндеттерді іске асыру үшін әзірленді:

1) педагогтің кәсіби құзыреттіліктері туралы бірыңғай түсінікті қамтамасыз ету және қоғамның мүдделі тараптарын ақпараттандыру;

2) кәсіптік оқыту бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын анықтау;

3) педагогтің педагогикалық іс-әрекетті жобалау және жүзеге асырудағы кәсіби құзыреттіліктерінің сипаттамасы;

4) педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту;

5) педагогтің біліктілік талаптары деңгейі мен еңбек функцияларын бағалау және белгілеу; 6) өзінің педагогикалық қызметі мазмұнының бейімделуі және өзгерістермен басқару.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері - 4 СБШ-нің деңгейі;
- 2) Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері - 5 СБШ-нің деңгейі;
- 3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 4) Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 5) Бастауыш мектеп мұғалімдері - 4 СБШ-нің деңгейі;
- 6) Бастауыш мектеп мұғалімдері - 5 СБШ-нің деңгейі;
- 7) Бастауыш мектеп мұғалімдері - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 8) Бастауыш мектеп мұғалімдері - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 9) Орта мектеп мұғалімдері - 4 СБШ-нің деңгейі;
- 10) Орта мектеп мұғалімдері - 5 СБШ-нің деңгейі;
- 11) Орта мектеп мұғалімдері - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 12) Орта мектеп мұғалімдері - 7 СБШ-нің деңгейі;

13) Колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (өндірістік оқыту шеберлері) - 4 СБШ-нің деңгейі;

14) Колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (өндірістік оқыту шеберлері) - 5 СБШ-нің деңгейі;

15) Колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (өндірістік оқыту шеберлері) - 6 СБШ-нің деңгейі;

16) Колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (өндірістік оқыту шеберлерінен басқа) - 6 СБШ-нің деңгейі;

17) Колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (өндірістік оқыту шеберлерінен басқа) - 7 СБШ-нің деңгейі;

18) Колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері (өндірістік оқыту шеберлері) - 7 СБШ-нің деңгейі;

19) Қосымша білім беру педагогтері - 4 СБШ-нің деңгейі;

20) Қосымша білім беру педагогтері - 5 СБШ-нің деңгейі;

21) Қосымша білім беру педагогтері - 6 СБШ-нің деңгейі;

22) Қосымша білім беру педагогтері - 7 СБШ-нің деңгейі;

23) Педагог-ассистент - 4 СБШ-нің деңгейі;

24) Олигофренопедагог - 6 СБШ-нің деңгейі;

25) Педагог-психолог, психолог - 6 СБШ-нің деңгейі;

26) Педагог-психолог, психолог - 7 СБШ-нің деңгейі;

27) Сурдопедагог - 6 СБШ-нің деңгейі;

28) Сурдопедагог - 7 СБШ-нің деңгейі;

29) Тифлопедагог - 6 СБШ-нің деңгейі;

- 30) Тифлопедагог - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 31) Білім беруді ұйымдастырушы әлеуметтік педагог - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 32) Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) және оқуда қиындықтары бар балалармен жұмыс жөніндегі педагог - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 33) Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) және оқуда қиындықтары бар балалармен жұмыс жөніндегі педагог - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 34) Ерте қолдау көрсету педагогі - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 35) Ерте қолдау көрсету педагогі - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 36) Эргопедагог - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 37) Эргопедагог - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 38) Олигофренопедагог - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 39) Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылыстары немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс жөніндегі педагог - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 40) Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылыстары немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс жөніндегі педагог - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 41) Мұғалім-логопед, логопед - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 42) Мұғалім-логопед, логопед - 7 СБШ-нің деңгейі.

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері ":			
Топтың коды:	2362-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	4		
С Б Ш бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	4.1, 4.2, 4.3, 4.4		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы 4-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі		

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық : Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесі не қойылатын талаптар :	4 деңгей үшін - еңбек өтілі жоқ; 4.1 үшін - кемінде 2 жыл; 4.2 үшін - кемінде 3 жыл; 4.3 үшін - кемінде 4 жыл; 4.4 үшін - кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	жоқ		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2362-0-002 - Балабақша (сәбилер балабақшасы) тәрбиешісі		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көрсету, балалардың ұйымдасқан және басқа да іс-әрекеттерін жоспарлау және жүргізу, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру 2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу 3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру			
		Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын сақтау.	

Дағды 1:

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау

2. Мектепке дейінгі ұйымның және жас т о б ы н ы ң тәрбиелеу-білім беру жұмысының жылдық жоспарына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогикалық процесті жоспарлау.
3. Перспективалық ж о с п а р , циклограммалар жасау , баланың жеке даму карталарын толтыру.
4. Ұйымдастырылған әрекеттің негізгі түрлерін, балалар қызметінің басқа түрлерін жоспарлау
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру (вариативті, жеке, бейімделген, қ о с ы м ш а) бағдарламаларын әзірлеу.
6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істеудің жеке жоспарын жасау.
7. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау.
8. Ерекше білім беру ерекшеліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
9. Қол жеткізілген нәтижелерді талдау

		негізінде білім беру қызметін жобалау. Білімдер: 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың т и п т і к бағдарламасының мазмұны мен құрылымы. 3. Алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары. 4 . Санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. 5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістері. 6. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері. 7. Мектепке дейінгі педагогика және психология.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолдану. 2. Тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық және зерттеу, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын

Дағды 2:

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

дамытуды жүзеге асыру.

3. Режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу.

4. Ата-аналар қоғамымен ынтымақтастық.

5. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысатын білім беру ұйымының басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау.

6. Жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау.

Білімдер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

2. Педагогикалық этика нормалары.

3. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері.

4. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, өрттен қорғау, санитарлық талаптар.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің нормалары мен принциптері.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

ұсынылмайды

Еңбек функциясы 2: Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу	Дағды 1: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу	Машықтар: 1. Қиындықтарды анықтау мақсатында тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу. 2. Түзету мақсатында мониторинг нәтижелері негізінде баланың дамуының жеке картасын әзірлеу. 3. Арнайы, жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін әзірлеу. Білімдер: 1. Мектеп жасына дейінгі балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін есептеу әдістері. 2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу қағидалары. 3. Балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін өңдеу технологиялары. 4. Тәрбиеленушілердің даму деңгейін бағалау құралдары мен критерийлері. 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мониторингтік құралдарды әзірлеу теориялары мен әдістемелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Тәрбиеленушілердің әртүрлі іс-әрекеттерін

Дағды 1:

Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу

жүргізу үшін дидактикалық, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу. 2. Әдістемелік материалдарды (ұсынымдар, жинақтар, құралдар және т.б.) әзірлеуге қатысу. 3. Ата-аналарға арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу. 4. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызметіне қатысу . 4.1-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Зерттеу, эксперименттік жұмыс дағдыларын пайдалану. 4.2-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Педагогикалық басылымдарда әдістемелік жарияланымдарды орналастыру. 4.3-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша : - Авторлық әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу. 4.4-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша : - Авторлық әдістемелік әзірлемелерді жариялау.
Білімдер: 1. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге қойылатын талаптар. 2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Еңбек
функцияс
ы 3:
Әдістемелі
к қызметті
жүзеге
асыру

	саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар. 3. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің ережелері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау, санитарлық талаптар. 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің нормалары мен принциптері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Дағды 2: Біліктілікті арттыру және қайта даярлау	Машықтар: 1. Кәсіби дамудың траекториясын құру. 2. Кәсіби өзін-өзі дамытуды, өзін-өзі оқытуды жүзеге асыру . 3. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, цифрлық технологияларын, тиімді нысандары мен әдістерін қолдану.
	Білімдер: 1. Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер. 2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу. 3. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Машықтар:

Дағды 3:

Үздік педагогикалық тәжірибелерді жариялау

1. Отандық және шетелдік тәжірибенің үздік тәжірибелерін зерделеу.

2. Үздік педагогикалық тәжірибелерді жалпылауға қатысу.

3. Алдыңғыларға қосымша,

4.1-кіші деңгей үшін:

- тәжірибені қорытындылау, білім беру ұйымы деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

4.2-кіші деңгей үшін:

- тәжірибені қорытындылау, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың аудан/қала деңгейінде болуы.

4.3-кіші деңгей үшін:

- тәжірибені қорытындылау, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың облыс деңгейінде болуы;

4.4-кіші деңгей үшін:

- тәлімгерлікпен айналысу;
- балаларда зерттеу дағдыларын дамыту.

Білімдер:

1. Алгоритм, формалар, анықтау әдістері, зерттеу, тәжірибені жалпылау.

2. Үздік тәжірибелерді жалпылау және тарату әдістемесі.

3. Тәжірибені жинақтауды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Күйзеліске тұрақтылық Эмоциялық парасат Мейірімділік Ауызекі сөйлеу дағдылары Жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары Парасаттылық Компьютерлік сауаттылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері
	6	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері
10. Кәсіптің карточкасы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері":		
Топтың коды:	2362-0	
Қызмет атауының коды:	-	
Кәсіптің атауы:	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері	
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	5	
С Б Ш бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	5.1, 5.2, 5.3, 5.4	
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы 4-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық : Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесі не қойылатын талаптар :	5 деңгей үшін - еңбек өтілі жоқ; 5.1 үшін - кемінде 2 жыл; 5.2 үшін - кемінде 3 жыл; 5.3 үшін - кемінде 4 жыл; 5.4 үшін - кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	жоқ		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2362-0-002 - Балабақша (сәбилер балабақшасы) тәрбиешісі		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымында болуын ұйымдастыру, ұйымдасқан қызметті жоспарлау және жүргізу, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, жобалау қызметін жүзеге асыру, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру 2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу 3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру .	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын сақтау. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі	

Дағды 1:

тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау

ұйымның және жас
тобының

тәрбиелеу-білім беру
жұмысының жылдық
жоспарына сәйкес
педагогикалық
процесті жоспарлау.

3. Перспективалық
жоспар,
циклограммалар жасау
, баланың жеке даму
карталарын толтыру.

4. Тәрбиеленушілердің
ұйымдастырылған
әрекетінің негізгі
түрлерін, балалар
іс-әрекетінің басқа
түрлерін жоспарлау.

5. Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың
білім беру (вариативті,
жеке, бейімделген,
қосымша)
бағдарламаларын
әзірлеу.

6. Ерекше білім беру
қажеттіліктері бар
және мүмкіндіктері
шектеулі балалармен
жұмыс істеудің жеке
жоспарын жасау.

7. Ерекше білім беру
қажеттіліктері бар
балаларды тәрбиелеу
және оқыту үшін
арнайы жағдайлар
жасау.

8. Қол жеткізілген
нәтижелерді талдау
негізінде білім беру
қызметін жобалау.

Білімдер:

1. Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың
мемлекеттік жалпыға
міндетті стандарты.

2. Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың
типтік
бағдарламасының
мазмұны мен
құрылымы.

Еңбек функциясы 1: Тәрбиелеу -білім беру процесін жүзеге асыру		3. Алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары. 4 . Санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. 5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі. 6. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері. 7. Мектепке дейінгі педагогика және психологиясы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолдану. 2. Тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық және зерттеу, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуды жүзеге асыру. 3. Режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу. 4. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, цифрлық

Дағды 2:

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

технологияларын, тиімді нысандары мен әдістерін қолдану.

5. Ұйымдастырылған әрекеттерді талдау.

6. Ата-аналар қоғамдастығымен ынтымақтастық.

7. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысатын білім беру ұйымының басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау.

8. Жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау.

Білімдер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

2. Педагогикалық этика нормалары.

3. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері.

4. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, өрттен қорғау, санитарлық талаптары.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің нормалары мен принциптері.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

ұсынылмайды

Еңбек функциясы 2: Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу	Дағды 1: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу	Машықтар: 1. Қиындықтарды анықтау мақсатында тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу. 2. Түзету мақсатында мониторинг нәтижелері негізінде баланың дамуының жеке картасын әзірлеу. 3. Арнайы, жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін әзірлеу. Білімдер: 1. Мектеп жасына дейінгі балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін есептеу әдістері. 2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу қағидалары. 3. Балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін өңдеу технологиялары. 4. Тәрбиеленушілердің даму деңгейін бағалау құралдары мен критерийлері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Ұйымдастырылған әрекетті жүзеге асыру үшін дидактикалық, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу. 2. Әдістемелік тақырыпқа сәйкес әдістемелік құралдар мен жинақтар,

Дағды 1:

Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.

ата-аналарға арналған
ұсыныстар әзірлеу.

3. Мектепке дейінгі
ұйымның әдістемелік
қызметіне қатысу.

4. Әдістемелік
материалдарды (
ұсынымдар, жинақтар,
құралдар және т.б.)
әзірлеуге қатысу.

5. Дамыту
бағдарламаларын
әзірлеу.

5.1-кіші деңгей үшін
алдыңғыларға
қосымша:

- Зерттеу,
эксперименттік жұмыс
дағдыларын
пайдалану.

5.2-кіші деңгей үшін
алдыңғыларға
қосымша:

- Педагогикалық
басылымдарда
әдістемелік
жарияланымдарды
орналастыру.

5.3-кіші деңгей үшін
алдыңғыларға
қосымша:

- Авторлық
әдістемелік
әзірлемелерді әзірлеу.

5.4-кіші деңгей үшін
алдыңғыларға
қосымша:

- Авторлық
әдістемелік
әзірлемелерді
жариялау.

Білімдер:

1. Оқу-әдістемелік
материалдарды, білім
беру және дамыту
бағдарламаларын
әзірлеуге қойылатын
талаптар.

2. Мектепке дейінгі
тәрбие және оқыту
саласындағы
нормативтік құқықтық
құжаттар.

Еңбек функциясы 3: Әдістемелік қызметті жүзеге асыру.		3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: біліктілікті арттыру және қайта даярлау	Машықтар: 1. Кәсіби дамудың траекториясын құру. 2. Кәсіби өзін-өзі дамытуды, өзін-өзі оқытуды жүзеге асыру. 3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу.
		Білімдер: 1. Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер. 2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу. 3. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Отандық және шетелдік тәжірибенің үздік тәжірибелерін зерттеу. 2. Озық педагогикалық тәжірибені әзірлеу және жалпылау. 3. Педагогикалық тәжірибені тарату үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Алдыңғыларға қосымша, 5.1-кеші деңгей үшін:

	Дағды 3: Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату	- білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау, білім беру ұйымы деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы. 5.2-кіші деңгей үшін: - аудан/қала деңгейінде тәжірибе жинақтау, аудан/қала деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы. 5.3-кіші деңгей үшін: - облыс деңгейінде тәжірибені жинақтау, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы; 5.4-кіші деңгей үшін: - тәлімгерлікпен айналысу; - балаларда зерттеу дағдыларын дамыту. Білімдер: 1. Алгоритм, формалар, анықтау әдістері, зерттеу, тәжірибені жалпылау. 2. Үздік тәжірибелерді жалпылау және тарату әдістемесі. 3. Тәжірибені жинақтауды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Күйзеліске тұрақтылық Эмоциялық парасат Мейірімділік Ауызекі сөйлеу дағдылары Жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары Парасаттылық Компьютерлік сауаттылық	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері	
	6	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері	
11. Кәсіптің карточкасы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері":			
Топтың коды:	2362-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	6		
С Б Ш бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	6.1, 6.2, 6.3, 6.4		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. 4-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық : Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Біліктілік: -

Жұмыс тәжірибесі не қойылатын талаптар:	6 деңгей үшін - еңбек өтілі жоқ; 6.1 және 6.2 үшін - кемінде 2 жыл; 6.3 үшін - кемінде 3 жыл, 6.4 үшін - кемінде 5 жыл.	
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	жоқ	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2362-0-002 - Балабақша (сәбилер балабақшасы) тәрбиешісі	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға тәрбие-білім беру процесін, консультациялық көмекті жүзеге асыру, ұйымдасқан қызметті жоспарлау және жүргізу, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, жобалау қызметін жүзеге асыру, тәлімгерлік пен зерттеу қызметін жүзеге асыру, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру 2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу 3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру
	Қосымша еңбек функциялары:	
		Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын сақтау. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның және жас тобының тәрбиелеу-білім беру жұмысының жылдық жоспарына сәйкес педагогикалық процесті жоспарлау.

Дағды 1:

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау

3. Перспективалық жоспар, циклограммалар жасау, баланың жеке даму карталарын толтыру.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің негізгі түрлерін, балалар іс-әрекетінің басқа түрлерін жоспарлау.
5. Оқушылардың вариативті қызметін жоспарлау.
6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жеке жұмыс жоспарын жасау.
7. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау.
8. Қол жеткізілген нәтижелерді талдау негізінде білім беру қызметін жобалау.

Білімдер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік бағдарламасының мазмұны мен құрылымы.
3. Алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары.
4. Санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі.

Еңбек функциясы 1: Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру		6. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері. 7. Мектепке дейінгі педагогика және психология.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру	Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолдану. 2. Тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық және зерттеу, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуды жүзеге асыру. 3. Режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу. 4. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, цифрлық технологияларын, тиімді нысандары мен әдістерін қолдану. 5. Ұйымдастырылған әрекеттерді талдау. 6. Ата-аналар қоғамдастығымен ынтымақтастық. 7. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысатын білім беру ұйымының басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау. 8. Жас ерекшеліктерін, сондай-ақ

		тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру. 9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау. Білімдер: 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. 2. Педагогикалық этика нормалары. 3. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері. 4. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, өрттен қорғау, санитарлық талаптар. 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің нормалары мен принциптері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Қиындықтарды анықтау мақсатында тәрбиеленушінің даму деңгейіне мониторинг жүргізу. 2. Түзету мақсатында мониторинг нәтижелері негізінде баланың дамуының жеке картасын әзірлеу. 3. Арнайы, жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламалары мен

Еңбек функциясы 2: Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу	Дағды 1: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу	оқыту әдістерін әзірлеу. Білімдер: 1. Мектеп жасына дейінгі балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін есептеу әдістері. 2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу қағидалары. 3. Балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін өңдеу технологиялары. 4. Тәрбиеленушілердің даму деңгейін бағалау құралдары мен критерийлері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Сабақтарды өткізу үшін дидактикалық, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу. 2. Ұсыныстарды, жинақтар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу. 3. Әдістемелік жұмысқа қатысу. 4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу. 5. Дамыту бағдарламаларын әзірлеу. 6.1-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Зерттеу, эксперименттік жұмыс дағдыларын пайдалану.

Дағды 1: Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.	6.2-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Педагогикалық басылымдарда әдістемелік жарияланымдарды орналастыру. 6.3-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Авторлық әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және жариялау. 6.4-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Облыстық оқу-әдістемелік кеңес пен РОӘК мақұлдаған әдістемелік материалдарды әзірлеу және жариялау . Білімдер: 1. Оқу-әдістемелік материалдарды, білім беру және дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар. 2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар. 3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар. 4. Зерттеу әдісі, әдістері мен әдістері. 5. Сабақты бағалау құралдары мен критерийлері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Машықтар: 1. Басымдықтарды анықтау және олардың кәсіби дамуының траекториясын құру.

Еңбек функциясы 3: Әдістемелік қызметті жүзеге асыру	Дағды 2: біліктілікті арттыру және қайта даярлау	2. Кәсіби өзін-өзі дамыту және өзін-өзі оқытуды жүзеге асыру. 3. Тәлімгерлікті жүзеге асыру, басымдықтарды анықтау және әріптестердің кәсіби дамуын жоспарлау. 4. Педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегияларын анықтау. Білімдер: 1. Білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу. 3. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттары. Дағдыны тану мүмкіндігі: ұсынылмайды Машықтар: 1. Отандық және шетелдік тәжірибенің үздік тәжірибелерін зерделеу. 2. Отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде үздік тәжірибелерді жинақтау және тарату. 3. Озық педагогикалық тәжірибені қолдану, нәтижелерді талдау, ең тиімдісін анықтау. Алдыңғыларға қосымша, 6.1-кіші деңгей үшін: - білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені
--	--	---

	жинақтау, білім беру ұйымы деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы. 6.2-кіші деңгей үшін: - аудан/қала деңгейінде тәжірибе жинақтау, аудан/қала деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы. 6.3-кіші деңгей үшін: - облыс деңгейінде тәжірибені жинақтау, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы; - тәлімгерлікпен айналысу; - балаларда зерттеу дағдыларын дамыту. 6.4-кіші деңгей үшін: - жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету; - облыс деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау. Білімдер: 1. Алгоритмдер, формалар, анықтау әдістері, зерттеу, тәжірибені жалпылау. 2. Үздік тәжірибелерді жалпылау және тарату әдістемесі. 3. Тәжірибені жинақтауды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі: ұсынылмайды
Жеке құзыретте	Жауапкершілік Ұқыптылық Күйзеліске тұрақтылық

р г е қойылаты н талаптар :	Эмоциялық парасат Мейірімділік Ауызекі сөйлеу дағдылары Жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары Парасаттылық Компьютерлік сауаттылық		
Техникал ы қ регламент тер мен ұлттық стандартта рдың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптерме н байланыс:	СБШ-нің деңгейі:		Кәсіптің атауы:
	4		Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері
	5		Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері
12. Кәсіптің карточкасы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері":			
Топтың коды:	2362-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	7		
С Б Ш бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	7.1, 7.2, 7.3, 7.4		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттама лары бойынша біліктілік деңгейі:	"Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. 4-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі		
		Мамандық : Мектепке дейінгі	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесі не қойылатын талаптар:	7 деңгей үшін - еңбек өтілі жоқ; 7.1 және 7.2 үшін - кемінде 2 жыл; 7 үшін. 3-кемінде 3 жыл, 7.4 үшін-кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	жоқ		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2362-0-002 - Балабақша (сәбилер балабақшасы) тәрбиешісі		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға тәрбиелеу-білім беру процесін, консультациялық көмекті жүзеге асыру, ұйымдастырылған әрекетті жоспарлау және жүргізу, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, жобалау қызметін жүзеге асыру, дамытушылық және оқыту бағдарламаларын әзірлеу, тәлімгерлік және зерттеу қызметін жүзеге асыру, мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқару.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру. 2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу. 3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асыру	
		Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын сақтау. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру	

Дағды 1:

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау.

стандартының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның және жас т о б ы н ы ң тәрбиелеу-білім беру жұмысының жылдық жоспарына сәйкес педагогикалық процесті жоспарлау.

3. Перспективалық ж о с п а р , циклограммалар жасау , баланың жеке даму карталарын толтыру.

4. Ұйымдастырылған қызметтің негізгі түрлерін, балалар қызметінің басқа түрлерін жоспарлау

5. Оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарын жоспарлау.

6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істеудің жеке жоспарын жасау.

7. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау.

8. Қол жеткізілген нәтижелерді талдау негізінде білім беру қызметін жобалау.

9. Педагогикалық процесті жоспарлауда жас мамандарға көмек көрсету.

10. Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарын жасау кезінде ұсыныстар енгізу.

Білімдер:

1. Мектепке дейінгі білім беру

Еңбек функциясы 1: Тәрбиелеу -білім беру процесін жүзеге асыру.		саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік бағдарламасының мазмұны мен құрылымы. 4. Алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары. 5 . Санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. 6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі. 7. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері. 8. Мектепке дейінгі педагогика және психология. 9. Тәлімгерлік жұмысының мазмұны.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды Машықтар: 1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолдану. 2. Тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық және интеллектуалдық, шығармашылық және

Дағды 2:

Тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру

зерттеушілік, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуды жүзеге асыру.

3. Режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу.

4. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, цифрлық технологияларын, тиімді нысандары мен әдістерін қолдану.

5. Ұйымдастырылған әрекеттерді талдау.

6. Ата-аналар қоғамдастығымен ынтымақтастық.

7. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысатын білім беру ұйымының басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау.

8. Жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау.

Білімдер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

2. Педагогикалық этика нормалары.

3. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері.

		4. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, өрттен қорғау, санитарлық талаптар. 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің нормалары мен принциптері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу.	Дағды 1: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу	Машықтар: 1. Қиындықтарды анықтау мақсатында тәрбиеленушінің даму деңгейіне мониторинг жүргізу. 2. Түзету мақсатында мониторинг нәтижелері негізінде баланың дамуының жеке картасын әзірлеу. 3. Арнайы, жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін әзірлеу.
		Білімдер: 1. Мектеп жасына дейінгі балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін есептеу әдістері. 2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу қағидалары. 3. Балалардағы машықтар мен дағдылардың даму деңгейін диагностикалау нәтижелерін өңдеу технологиялары.

		4. Тәрбиеленушілердің даму деңгейін бағалау құралдары мен критерийлері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 1: Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.	Машықтар: 1. Ұйымдастырылған қызметті жүзеге асыру үшін дидактикалық, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу. 2. Ұсыныстарды, жинақтар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу. 3. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызметіне қатысу. 4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу. 5. Дамыту бағдарламаларын әзірлеу. 7.1-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Зерттеу, эксперименттік жұмыс дағдыларын пайдалану. 7.2-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Педагогикалық басылымдарда әдістемелік жарияланымдарды орналастыру. 7.3-кіші деңгей үшін алдыңғыларға қосымша: - Авторлық әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және жариялау. 7.4 -кіші деңгейіне қосымша: -Облыстық оқу-әдістемелік кеңес пен РОӘК мақұлдаған әдістемелік

Еңбек функциясы 3: Әдістемелік қызметті жүзеге асыру		материалдарды әзірлеу және жариялау .
		Білімдер: 1. Оқу-әдістемелік материалдарды, білім беру және дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар. 2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар. 3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар. 4. Зерттеу әдісі, әдістері мен әдістері. 5. Сабақты бағалау құралдары мен критерийлері. 6. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу әдістемесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Басымдықтарды анықтау және олардың кәсіби дамуының траекториясын құру. 2. Кәсіби өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу. 3. Тәлімгерлікті жүзеге асыру, басымдықтарды анықтау және әріптестердің кәсіби дамуын жоспарлау. 4. Педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегияларын анықтау. 5. Тәрбиешілер үшін сабақтар, мастер-кластар, семинарлар, жеке және топтық

Дағды 2:

Біліктілікті арттыру және қайта даярлау.

консультациялар,
көрмелер, конкурстар
өткізу,
шығармашылық
топтардың жұмысын
ұйымдастырады.
6. Тәлімгерлік
қызметті
ұйымдастыру.

Білімдер:

1. Білім беру
саласындағы
нормативтік құқықтық
актілер.
2. Педагогтердің
біліктілігін арттыру
курстарын
ұйымдастыру және
өткізу қағидалары,
сондай-ақ педагог
қызметін курстан
кейінгі сүйемелдеу.
3. Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
ережелері мен
шарттар.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

ұсынылмайды

Машықтар:

1. Отандық және
шетелдік тәжірибенің
үздік тәжірибелерін
зерделеу.
 2. Отандық және
шетелдік тәжірибені
зерделеу негізінде
үздік тәжірибелерді
жинақтау және тарату.
- Алдыңғыларға
қосымша,
7.1-кіші деңгей үшін:
- білім беру ұйымы
деңгейінде тәжірибені
жинақтау, білім беру
ұйымы деңгейінде
конкурстарға,
жарыстарға
қатысушылардың
болуы.
- 7.2-кіші деңгей үшін:
- аудан/қала
деңгейінде тәжірибе
жинақтау, аудан/қала

	Дағды 3: Үздік педагогикалық тәжірибелерді жалпылау	деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы. 7.3-кіші деңгей үшін: - облыс деңгейінде тәжірибені жинақтау, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы; - тәлімгерлікпен айналысу; - балаларда зерттеу дағдыларын дамыту. 7.4-кіші деңгей үшін: - жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету; - облыс деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау. Білімдер: 1. Алгоритм, формалар, анықтау әдістері, зерттеу, тәжірибені жалпылау. 2. Үздік тәжірибелерді жалпылау және тарату әдістемесі. 3. Тәжірибені жинақтауды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Білім беру ұйымының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру. 2. Инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтауды, зерделеуді, таратуды және енгізуді қамтамасыз ету.

Қосымша еңбек функциясы 1: Ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асыру	Дағды 1: Ұйымдастырылған әрекетті жүзеге асыру	3. Тәрбиешілер, олардың көмекшілері лауазымдарына кадрларды іріктеу және оларды көтермелеу жөнінде ұсыныстар енгізу.
		Білімдер: 1. Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық актілер. 2. Кадрлық қамтамасыз ету және іс жүргізу саласындағы нормативтік-құқықтық актілер. 3. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, өрттен қорғау, санитарлық талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Мектепке дейінгі ұйымды дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуге қатысу. 2. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының жай-күйін талдау. 3. Тәрбиешілердің, психологтың, логопедтің, музыкалық жетекшінің, ұйымның басқа мамандарының өзара әрекеттесуін үйлестіру. 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педаго

	Дағды 2: Басқарушылық қызметті жүзеге асыру	гикалық сүйемелдеу қызметінің қызметін үйлестіру. 5. Біліктілікті арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау), педагогтерді аттестаттау жөніндегі жұмысты үйлестіру. Білімдер: 1. Менеджмент және персоналды басқару негіздері. 2. Білім беру саласындағы және педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер. 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің нормалары мен принциптері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Күйзеліске тұрақтылық Эмоциялық парасат Мейірімділік Ауызекі сөйлеу дағдылары Жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары Парасаттылық Компьютерлік сауаттылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі: 6	Кәсіптің атауы: Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері
13. Кәсіптің карточкасы "Бастауыш мектеп мұғалімдері":		

Топтың коды:	2361-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Бастауыш мектеп мұғалімдері		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	4		
С Б Ш бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	4.1, 4.2, 4.3, 4.4		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. 7-параграф. Барлық мамандықтардың пән мұғалімдері		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық : Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесі не қойылатын талаптар :	4 деңгей үшін - жұмыс өтілі жоқ; 4.1 үшін - кемінде 2 жыл; 4.2 үшін - кемінде 3 жыл; 4.3 үшін - кемінде 4 жыл; 4.4 үшін - кемінде 5 жыл.		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:	жоқ		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2361-0-005 - Бастауыш мектеп мұғалімі		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген бастауыш мектеп оқушысының жеке басының интеллектуалды, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуы.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Оқу процесін жүзеге асыру. 2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау. 3. Білім алушыларды құндылықтар жүйесіне тарту 4. Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру. 5. Сынып жетекшілігін жүзеге асыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	
